

БЕКІТЕМІН



Ғылым және коммерциаландыру
департаментінің директоры

А. Кабдушев

05

20 23 ж.

**«Тұрақты дамудың экологиялық проблемалары»
ҒЗО 2022-2023 оқу жылына**

ЕСЕБІ

Ғылыми-зерттеу қызметі
бөлімінің бастығы

М.К. Жанқуанышев

Құрастырушы:
«ТДЭП» ҒЗО директоры

Р.Т. Турекельдиева

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

1. Ұйымдастырылуы мен іс-әрекеті.....	3
2. Кадрлар потенциалы.....	3
3. Материалдық база.....	5
4. Ғылыми-зерттеу жұмысы	5
5. Конференция мен семинарларға қатысуы	5
6. Басылым көрген еңбектері.....	6
7. Халықаралық ынтымақтастық	7
8. Ақылы қызмет көрсету және т.б. жұмыстар	7
9. Ұсыныстар	7

Кіріспе

Есеп 2022-2023 оқу жылына «Тұрақты дамудың экологиялық проблемалары» ҒЗО жұмысы мен бағытын көрсетуге құрастырылған.

1. Ұйымдастырылуы мен іс-әрекеті

«Тұрақты дамудың экологиялық проблемалары» ҒЗО М.Х.Дулари атындағы Тараз мемлекеттік университетінің даму концепциясына сәйкес университеттің Ғылыми кеңес шешімімен құрылған (хаттама № 443 30 қараша 2019 жыл).

«Тұрақты дамудың экологиялық проблемалары» ҒЗО М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ғылым мен технологияларды коммерцияландыру басқармасының құрылымдық бөлімінің бөлімшесі болып табылады.

ТДЭП ҒЗО қызметінің негізгі мақсаты тұрақты дамудың өзекті экологиялық мәселелерін шешу, олардың пайда болу себептерін анықтау және қоғам мен табиғаттың бірлігі, өркениеттің тұрақты даму жолдары туралы теориялық және әдіснамалық негіздерін әзірлеу.

«Тұрақты дамудың экологиялық проблемалары» ҒЗО қызметінің негізгі міндеттері төмендегідей:

- экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тұрақты дамудың экологиялық проблемалары саласындағы ғылыми зерттеулер;
- табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды оңтайландыру арқылы Қазақстан аумағы халқының өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ғылыми негіздеме жасау;
- табиғи ресурстарды мемлекетаралық пайдаланудың ғылыми негіздерін әзірлеу;
- өнеркәсіптік кәсіпорындар, автокөлік қызметінен қалдықтар мен атмосфераға шығарындылардың зиянды әсерінің азаюын немесе алдын алуды зерттеу бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу;
- Жамбыл облысының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының жүйесін жетілдіру мақсатында табиғи объектілердің биологиялық әртүрлілігі жағдайын кешенді зерттеуге қатысу;
- экология және қоршаған ортаны қорғау саласында қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысу;
- экологиялық білімді насихаттау, табиғатқа экологиялық көзқарас, ғылыми және экологиялық-ағартушылық конференциялар мен кеңестер өткізу;
- өндіріске және оқу үрдісіне ғылыми әзірлемелерді енгізу;
- докторанттардың, магистранттардың және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- заңды және жеке тұлғаларға ғылыми-әдіснамалық көмек және консультациялық қызмет көрсету;
- озық халықаралық тәжірибе негізінде жоғары білікті мамандарды даярлау және тағылымдамадан өткізу;
- ҚР заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да жұмыстар мен қызмет түрлерін жүзеге асыру.

«Тұрақты дамудың экологиялық проблемалары» ҒЗО жұмысы бекітілген жоспарға сәйкес орындалды.

2. Кадрлар потенциалы

«Тұрақты дамудың экологиялық проблемалары» ҒЗО «Су шаруашылығы, экология және құрылыс» факультетінің, оның ішінде «Экология», «Мелиорация және агрономия», «Өмір тіршілігі қауіпсіздігі» кафедраларының ПОҚ, магистранттар мен студенттер жұмыс

жасайды:

Ғылым докторлары:

1. Мұсаев А.И. – т.ғ.д., «Жерге орналастыру» кафедрасының профессоры;
2. Сейтқазиев Ә.С. – т.ғ.д., «Мелиорация және агрономия» кафедрасының профессоры;
3. Жұмабеков Ә.Ә. – а.ш.ғ.д., «Өмір тіршілігі қауіпсіздігі» кафедрасының профессоры;

Қауымдастырылған профессорлар:

1. Дүйсенбаева С.Т. – т.ғ.к., «Экология» кафедрасының доценті;
2. Нұрлыбаев Б.Ә. – т.ғ.к., «Экология» кафедрасының доценті;
3. Жатқанбаева А.О. – доктор PhD, «Мелиорация және агрономия» кафедрасының аға

оқытушысы;

Магистранттар:

1. Әбденбай Балауса;
2. Тоқтамысова Нұргүл.

Студенттер:

1. Лесбекова Инжу;
2. Әбдіраш Аружан;
3. Амантай Ақниет;
4. Мұратұлы Санжар;
5. Жамбыл Венера.

3. Материалдық базасы

«Тұрақты дамудың экологиялық проблемалары» ҒЗО «Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру» институтындағы «Экология», «Мелиорация және агрономия», «Өмір тіршілігі қауіпсіздігі» кафедраларының материалды техникалық базасын пайдаланады.

ҒЗО «Грин лайф» студенттік экологиялық ұйымына да жетекшілік етеді.

4. Ғылыми-зерттеу жұмысы

2021-2023 жылдары ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру байқауына қатысып, «Ауылшаруашылық жерлерінің деградациялануы және топырақтың тұздану деңгейін бағалау үшін жерлерді пайдаланудың геовебсервисін өңдеу» (IRN BR10965206) тақырыбы бойынша орындаушы ретінде жұмыстар жүргізуде. Мемлекеттік бағдарламаның аясында орындалған ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері Тараз қаласындағы «ККЭСО ОТАН» ЖШС Жамбыл облысының тұрақты дамуын интегралды бағалаудың бағдарламалық өнімі мен әдістемесі енгізілді:

1. «Жамбыл облысының тұрақты әлеуметтік-экологиялық тұрғыдан бағалаудың бағдарламалық өнімі;
2. «Жамбыл облысының тұрақты экономикалық-экологиялық дамуын интегралды бағалаудың әдістемесі.

Сонымен қоса, Мемлекеттік бағдарламаның аясында орындалған ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері 6B051213-Экология және табиғатты пайдалану білім беру бағдарламасының студенттері үшін «Жер қойнауын тұрақты пайдалану» пәнінің практикалық және дәрістік сабақтарына енгізілді.

ERASMUS+: Жоғары оқу орындарында күзіндеттілікті арттыру (CBHE) бағдарламасы аясында Қазақстан мен Қытайда табиғатты пайдалану экономикасы саласы бойынша пәнаралық магистрлік бағдарламаны дамыту жобасы байқауына зерттеуші-оқытушы ретінде қатысты.

5. Конференция мен семинарларға қатысуы

«Тұрақты дамудың экологиялық проблемалары» ҒЗО ғалымдары мен магистрант,

студенттері жарияланған ғылыми байқаулар мен олимпиадаларға қатысты. Атап айтқанда:

- «Мелиорация және экология саласындағы белгілі ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор Сейітқазиев Әдеубай Садақбайұлының 70 жылдығына орай ұйымдастырылған «Төртінші өнеркәсіптік ревалюция жағдайындағы су шаруашылығының агроөнеркәсіптік кешені және мелиорациядағы экологиялық мәселелер» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ «Қалпына келтіретін энергия көздері мен қоршаған ортаны қорғаудың экологиялық аспектілері» 11 сәуір 2020 Оценка технического состояния коллекторно-дренажной сети в Мактаральском массиве.

- München, Deutschland 25. Dezember.

- Қазақстан тәуелсіздігіне 30 жыл толуына арналған «Ғылым және білім: ізденіс, міндеттер, болашақ» тақырыбындағы VI республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдарында 12 сәуір 2021 ж.

- «Инновации в сельском хозяйстве и экологии» атты халықаралық ғылыми практикалық конференциясы.

Республикалық ғылыми байқауларға қатысуы:

1. Жылдың үздік оқытушысы -2020 (Р.Турекельдиева).
2. Жылдың үздік оқытушысы -2021 (Ә.Сейтқазиев).
3. «ҚР ғалымдары мен мамандарына ғылымға қосқан үлесі үшін тағайындалатын мемлекеттік ғылыми стипендия» байқауына (Р.Турекельдиева, С.Дуйсенбаева).

Республикалық 100 жаңа есім байқауларына үміткер ретінде қатысты (Р.Турекельдиева).

Авторлық куәліктер алынды:

1. «Өсімдіктер экологиясы» электронды оқу құралы, №13433 23.11.2020г. (Р.Турекельдиева).
2. «Климатың өзгеруі және жасыл экономика» электронды оқу құралы, №13427 23.11.2020г. (Р.Турекельдиева).

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің имиджін көтеру және нығайтуды қалыптастыру мақсатында «Тұрақты дамудың экологиялық проблемалары» ҒЗО атқарған жұмыстары жөнінде университет сайты мен БАҚ жарияланып отырды.

- ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі «Жастар және қазақстанның тұрақты дамуы» тақырыбындағы дөңгелек үстелге қатысқаны үшін Жамбыл Венера Министрдің Алғыс хатымен марапатталды.

- ҚР Тәуелсіздігінің ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми практикалық конференциясының қорытындысы бойынша Жамбыл Венера 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

6. Басылым көрген еңбектері

«Тұрақты дамудың экологиялық проблемалары» ҒЗО қызметкерлерінің еңбектері төмендегідей баспалардан жарық көрді:

SCOPUS базасында 2022 жылдың қазан айында «MONITORING STUDY OF THE EFFECT OF ATYRAU EVAPORATION FIELDS ON THE CONTENT OF HYDROGEN SULFIDE IN THE AIR» мақала жарияланды, <https://doi.org/10.18280/ijstdp.170613>.

Сонымен қоса, «ECOLOGICAL AND MELIORATIVE SUBSTANTIATION OF GRAY-EARTH- MEADOW SALINE SOILS OF ZHAMBYL REGION», News of the academy of sciences of the republic of Kazakhstan, Satbayev University, мақала.

Web of Science платформасында «THE DRIVING FORCES OF CHANGES IN LAND USE OF A PERI-URBAN AREA: THE CASE OF TSELINOGRAD DISTRICT, KAZAKHSTAN», Web of Conferences 386, 05013 (2023). <https://doi.org/10.1051/e3sconf.202338605013> мақала жарық көрді.

ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған ғылыми баспадан «Азық-түлік өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындардың негізгі проблемалары және оны шешу жолдары», «Тұран» университетінің хабаршысы» ғылыми журналы 2023 ж. № 1(97) <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-1-24-35> мақала жарияланды.

Экологическое состояние природной среды и научно-практические аспекты современных агротехнологий: материалы VII международной научно-практической конференции (6 апреля 2023 года, г. Рязань, ФГБОУ ВО РГАТУ). – Рязань: ФГБОУ ВО РГАТУ, 2023. еңбегінде 2 мақала жарыққа шықты:

1. Воздействие изменения климата на водные ресурсы, 436-444 бет;
2. Миграция и трансформация цинка в агроэкосистемах, 444-451 бет.

«Тұрақты дамудың замануи проблемалары» атты ғылыми-зерттеу орталығының жоспарын бекітіп, жұмысының жүруіне жетекшілік еттім.

2022 жылдың маусым айының 19–нан шілде айының 1-не дейінгі аралықта Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Қазақстанның аймақтық университеттері мен шетел ғалымдарымен қоршаған орта және экология туралы қозғалысқа қатысып, сертификат «Advancing Key Gurricuiums of Ecology and Environmental Scienes in Rural Kazakhstan Universities», 72 hour workshop, 19.06.2022-30.06.2022, certificate №1496 алынды.

2023 жылдың сәуір айында GREEN METRIC жобасы аясында Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ұйымдастыруымен өткен «Жасыл университет» атты семинарға қатысып, сертификат берілді.

2023 жылы сәуір айында өткен Рязань мемлекеттік агротехникалық университетінің «Экологическое состояние природной среды и научно-практические аспекты современных агротехнологий» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясындағы мақалалардың баспаға шығуына редакциялық коллегия жұмысына мүшелік еттім.

2021-2022 оқу жылында өткен Қарағанды қаласында өткен Республикалық студенттік ғылыми жобалар байқауында жүлделі орын алған студенттің ғылыми жұмысына жетекшілік еткенім үшін университет ректоры Алғыс жариялады.

7. Халықаралық ынтымақтастық

«Тұрақты дамудың экологиялық проблемалары» ҒЗО отандық және шетелдік кәсіпорындар мен ұйымдар, ЖОО-мен бірлескен меморандумдар негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде:

- Рязань мемлекеттік университеті (Ресей);
- ООРООС «РУСРЕЦИКЛИНГ» (Ресей);
- Белорусь мемлекеттік университеті (Белоруссия);
- Алтай мемлекеттік университеті (Ресей).

8. Ақылы қызмет көрсету және т.б. жұмыстар

«Тұрақты дамудың экологиялық проблемалары» ҒЗО ақылы қызмет көрсете алмады. Қазіргі кезеңде ғылыми зерттеу орталығының ғалымдары ғылыми зерттеу жұмыстарын коммерцияландыру мақсатында келісөздер жүргізуде.

9. Ұсыныстар

Технологияларды коммерцияландыру шеңберінде "Тұрақты дамудың экологиялық проблемалары" ҒЗО қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында:

1) ҚР БҒМ және ҚР ТДЖҰА Ғылым қоры, Жамбыл облысының кәсіпкерлік және инновациялық-индустриалдық даму басқармасы ұйымдастырған Инновациялық гранттар

конкурстарына қатысу үшін конкурстық құжаттарды дайындау бойынша Дулати университетінің оқытушыларын оқытуды ұйымдастыру;

2) Технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар конкурсына қатысу үшін бизнес-жобаларды дайындау үшін экономикалық және технологиялық кафедралардың оқытушыларының, студенттерінің, магистранттарының және докторанттарының бірлескен қызметін кеңейту;

3) Университеттің біліктілікті арттыру орталығымен бірлесіп, инновациялық жобаларды басқару, бизнес-жоспарлау, фандрайзинг бойынша университет студенттері, магистранттары мен оқытушылары үшін семинарлар ұйымдастыру;

4) ҒЗО жұмысын жандандыру мақсатында арнайы кабинет бөлініп, қажетті интерактивті тақта, оргтехникалармен (компьютер, сканер, принтер) қамтамасыз етілсе.

«Тұрақты дамудың экологиялық проблемалары» ҒЗО директоры



Р.Т.Турекельдиева

« 24 » мамыр 2023 ж.